



## Президент Сауд Арабиясы корольдігінің елшісін қабылдады



### Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев тақ мұрагері, Сауд Арабиясының премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл-Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті.

– Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

Файсал Әл-Кахтани өз елінің Қазақстан Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейіл екенін айтты. Ол жақында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашатынына назар аударды.

Бұдан бөлек, дипломат Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әрекеттеріне алдағы уақытта да жәрдемдесуге әзірлігін, сондай-ақ Сауд Арабиясына және шығанақтағы барлық елдерге тілектестігін білдірді.

Кездесу соңында Президент Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының корольдігінің премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл-Саудқа ыстық ықыласы мен сәлемін жолдап, бауырлас Сауд Арабиясы халқына бақ-бөреке тіледі.

# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН



Облыстық қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№23 (21793) ЖҰМА, 3 сәуір, 2026 жыл

## ➤ Түрлене бер, Түркістан!



### Гүлге ғашық қала

**Түркістан қаласында көктемгі абаттандыру, санитарлық тазалық және көгалдандыру бағытындағы кешенді жұмыстар қарқынды жүргізілуде.**

Көктемгі кезеңге сәйкес көгалдандыру жұмыстарына ерекше назар аударылып отыр. Атап айтқанда, көгалдарды күтіп-ұстау, суару жүйелерін реттеу, гүлзарлар мен жасыл аймақтарды қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.


Осы жұмыстар аясында қалада көктемгі гүл егу науқаны басталды. Жалпы, жоспар бойынша 2 миллион түпке жуық гүл көшеттерін отырғызу көзделген. Бүгінде қала аумағында гүлдердің бірнеше түрі егіліп, көшелердің сән-салтанаты арта түсті.

Гүл егу жұмыстары қаланың негізгі кіреберіс аймақтарын, туристік нысандар маңын және орталық көшелерді қамтиды. Сәуір айы басталысымен Түркістанда сакура мен сәндік ағаштар гүлдей бастады. Қасиетті шаһар ғажайып күйге енді.

Туристік маусымның басталуына орай Түркістанға келушілер саны еселеп артады. Осыған байланысты тарихи-мәдени және туристік нысандардың санитарлық жағдайы мен абаттандырылуы тұрақты бақылауға алынған. Қоғамдық орындарда тазалық сақтау, қызмет көрсету сапасын жақсарту және шаһарды одан әрі ажарландыру бағытындағы жұмыстар жоғары деңгейде үйлестірілген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

## ➤ Сіз жатқа оқуға тиіс бір өлең...



Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

### НАМЫС

Жалған-ай...  
Жалғызсырау қандай жаман,  
Тарпаңның тамырында қан қайнаған.  
Адақан үйірінен құла бие,  
Қосылды құландарға қақ жайлаған...

Көгертіп көктем келді мият құмды,  
Жануар оқыс ойнап ұят қылды...  
Тағының бетке басқан таңбасындай,  
Құйрығы жоқ –  
Жалы жоқ –  
Тұяқ туды...

Қиналып төрледі көл-көсір бол,  
Көз жасы құлазыған шөлге сіңбек,  
Жасырды жалыменен құлыншағын,  
Төркінін – жылқы атаулы көрмесін деп.

## ➤ Бауыр трансплантациясы

### Қарындас деген жанашыр!



**Түркістан облыстық клиникалық ауруханасында А.Н.Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы басқармасының төрағасы, академик Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен және орталықтың жоғары білікті мамандарының қатысуымен өңірімізде үшінші рет бауыр трансплантациясы сәтті өтті.**

Бауыр трансплантациясы – хирургия саласындағы ең күрделі және жоғары дәлдікті талап ететін операциялардың бірі. 41 жастағы науқасқа бауыр циррозы диагнозы қойылған екен. Пациент жарты жыл бойы ауырып, стационарлық ем қабылдаған. Ауру әбден асқынып, жүргізілген емдер шипасын бермеген. Жағдайы нашарлаған науқасты тек бауыр трансплантациясы ғана құтқаратын еді. Оның өмірін сақтап қалудың жалғыз тиімді жолы осы болатын.

Науқастың 20 жастағы туған қарындасы өз еркімен донор болуға келісім беріп, толық медициналық тексеруден өтті. Қарсы көрсетілмдер анықталмады.

Отаны А.Н.Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы мен облыстық клиникалық ауруханасының мамандарынан құралған бірлескен мамандар тобы жасады.

Қазіргі таңда науқас дәрігерлердің динамикалық бақылауында. Отадан кейінгі кезең асқынусыз өтуде. Ауыстырылған бауырдың қызметі біртіндеп тұрақтануда. Өңіріміздің білікті дәрігерлері мұндай күрделі медициналық отаны сәтті жасап жүр. Бұл – жергілікті медицина саласының тың белеске көтерілгенінің айқын дәлелі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

## ➤ Өзекті мәселе

### Абайлаңыз, алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды

**KAZINFORM. Қазақстанда алаяқтықтың жаңа түрі тіркелді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі мәлімдеді.**

Ведомствоның мәліметінше, қаскүнемдер өздерін түрлі компаниялардың, мемлекеттік органдардың және жоғары оқу орындарының басшылары ретінде таныстырып, азаматтарды алдаудың жаңа схемасын қолдана бастаған.

Алаяқтар жалған ақкаунттар мен бөтен нөмірлерді пайдаланып, қызметкерлерге телефон арқылы немесе месенджерлер арқылы хабарласады. Олар деректердің таралуы немесе қаржының ұрлану қаупі бар екенін айтып, жағдайды әдейі күрделілендіріп көрсетеді. Сонымен қатар жедел әрекет етуді талап етіп, психологиялық қысым жасайды.

Одан кейін азаматтарға «мамандар» немесе «құқық қорғау органдарының қызметкерлері» хабарласатыны ескертіледі. Алаяқтар олардың нұсқауларын сөзсіз орындауды талап етеді.

Нәтижесінде күдіктілер адамдарды ақшасын шешіп алып, оны «қауіпсіз шоттарға» аударуға көндіреді. Қаражат қолға түскен соң, байланыс бірден үзіледі.

ІІМ дерегінше, алаяқтар заманауи технологияларды өте белсенді қолданады. Атап айтқанда, нөмірді ауыстыру, дауысты өзгерту сияқты тәсілдер арқылы азаматтардың сеніміне кіріп, қырағылығын төмендетуге тырысады.

– Банктен мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері ешқашан телефон арқылы ақша аударуды талап етпейді, – деп ескертті министрлік.

Ведомство азаматтарды бейтаныс адамдардың нұсқауларын орындамауға, кез келген ақпаратты тек ресми дереккөздер арқылы тексеруге және күмәнді жағдай туындаса, дереу құқық қорғау органдарына жүгінуге шақырды.

Бүгінгі сәтте

«Мақсат – бәсекеге қабілетті агросектор қалыптастыру»



3-бет

Мисыздандыру механизмі



4-бет